

МРНТИ: 06.77.64

JEL Classification: E24

<https://doi.org/10.52821/2224-5561-2021-2-107-120>

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАСТАРДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫН БАҒАЛАУ

Г. Ж. Доскеева

Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

АНДАТПА

Зерттеу мақсаты – Қазақстанның жастар еңбек нарығының бүгінгі күнгі жағдайына, оның негізгі көрсеткіштеріне талдау жасау және жастарды жұмыспен қамтуды мемлекеттік қолдау жүйесінің жұмыс істеу механизмін қарастырып, оған баға беру; COVID-19 пандемиясының әсерінен белең алған жұмыссыздықпен, соның ішінде жастар жұмыссыздығымен күресуге бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың мүмкіндіктеріне шолу жасау.

Әдіснамасы – ғылыми мақаланы жазу барысында қолданылған әдістер ретінде статистикалық-экономикалық, диалектикалық және салыстырмалы әдістерді атауға болады.

Статистикалық-экономикалық әдістер статистикалық деректердің көмегімен белгілі бір экономикалық жүйеде болатын экономикалық үрдістердің даму серпініне жан-жақты талдау жасау кезінде қолданылатын амалдар мен тәсілдердің жиынтығы болғандықтан, бұл мақалада аталмыш әдістің көмегімен Қазақстандағы жастарды жұмыспен қамту көрсеткіштері топтастырылып, статистикалық ақпарат өңделіп, талдау жасалды және графиктердің, диаграммалардың көмегімен талдаудың нәтижесі шығарылып, жастар еңбек нарығының жағдайына баға берілді. Ал диалектикалық әдістің көмегімен еңбек нарығындағы экономикалық үрдістердің дамуы, атап айтқанда мемлекеттік қолдау механизмінің элементтердің арасындағы өзара ықпал ету мен байланысты айқындау жүзеге асырылды. Зерттеудің салыстырмалы әдісін қолдана отырып, жастар жұмыссыздығы көрсеткіштерінің және жастар еңбек нарығын мемлекеттік реттеу механизмінің жұмыс істеу тәжірибесіне, қазіргі уақыттағы жағдайына салыстырмалы талдау жасалды. Сондай-ақ, салыстырмалы әдіс Қазақстанның жастарды жұмыспен қамту көрсеткіштерінің соңғы бесжылдықтағы даму серпінін бағалауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің бірегейлігі/құндылығы ретінде 2015-2019 жылдар аралығындағы Қазақстан жастарының жұмысбастылық көрсеткіштеріне кешенді түрде талдау жасауды және COVID-19 пандемиясы жағдайындағы жастар еңбек нарығын қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдаламалардың және мемлекеттік реттеу жүйесінің басқа да элементтерінің жұмыс істеу механизміне баға беруді атауға болады.

Зерттеу нәтижелері – зерттеу нәтижесінде Қазақстанның жастар еңбек нарығының негізгі көрсеткіштеріне талдау жасалып, оны мемлекеттік реттеу жүйесін жетілдіруге бағытталған әлеуметтік саясаттың негізгі басымдықтары анықталды.

Түйін сөздер: жұмыссыздық деңгейі, жастар жұмыссыздығы, еңбек нарығы, жұмыссыздықты мемлекеттік реттеу, мемлекеттік бағдарламалар.

КІРІСПЕ

Бүгінгі күні жастар жұмыссыздығы тек қана жекелеген елдерде ғана емес, әлемдік жұртшылықты алаңдататын күрделі әлеуметтік мәселелердің біріне айналып отыр. Заманауи әлемдік еңбек нарығындағы жылдан-жылға өсіп келе жатқан жастар жұмыссыздығы деңгейі және жастарға ұсынылатын жұмыс орындарының сапасының төмендігі көптеген елдердің мемлекеттік жұмыспен қамту саясатындағы негізгі шешілмеген мәселе болып отыр. Соңғы онжылдықта әлемнің көптеген мемлекеттерінде 15 пен 29 жас аралығындағы жұмыссыз жастардың санының тұрақты түрде артып келе жатқаны байқалады. Бұл мемлекеттерге оңтүстік және шығыс еуропалық аймақтағы мемлекеттермен

қатар посткеңестік елдердің басым көпшілігін жатқызуға болады. Армения, Грузия, Украина сияқты посткеңестік мемлекеттерде жастар жұмыссыздығының деңгейі африкалық және латынамерикандық кейбір мемлекеттердің деңгейінде деуге болады. Бұл үдерісті әсіресе жұмыс күшінің едәуір бөлігін жастар құрайтын мемлекеттерден байқауға болады.

Жастар жұмыссыздығының деңгейінің өсуі тек қана әлеуметтік және экономикалық үрдістердің нәтижесінде ғана пайда болып қоймайды. Бұл сонымен қатар әлемдегі, әсіресе посткеңестік мемлекеттердегі білім беру жүйесіндегі тоқыраумен де байланысты. Жастардың білім деңгейінің қажетті деңгейде болмауы, кәсіби дағдыларының төмендігі және олардың жұмыс берушілердің кәсіби маманға деген қажеттілігін қанағаттандыра алмауы сияқты факторлар да жастар жұмыссыздығы мәселесінің шиеленісуіне алып келіп отыр. Жастар жұмыссыздығы деңгейінің көтерілуіне әсер етіп отырған тағы бір фактор- әлемдегі көптеген мемлекеттерде халықтың зейнет жасының ұлғаю үдерісі. Жұмыс берушілер үшін тәжірибесіз жастарды оқытып, үйретуге қарағанда, кәсіби тәжірибесі мол зейнеталды немесе зейнет жасындағы адамдарды ұстау әлдеқайда тиімді болып келеді. Осы мәселелердің барлығы жиылып, жастар жұмыссыздығы мәселесін үлкен әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселеге айналдырып отыр. Сондықтан бұл мәселені шешу үшін мемлекеттік реттеу жүйесінде жаңа, оңтайлы механизмдерді енгізіп, проблеманы кешенді түрде зерделеген абзал. Осы орайда еліміздің жастар нарығының қазіргі жағдайын зерделеп, оны мемлекеттік реттеу жүйесіне баға беруге арналған бұл мақаланың өзектілігі күмән туғызбайды.

Әдебиетке шолу. Әлемдік практикада жұмыссыздық мәселелері зерттеушілер тарапынан әрдайым үлкен қызығушылық тудыратын, өзектілігі жойылмайтын проблемалардың қатарынан саналады. Жұмыссыздық мәселесін зерттеуге арналған ғылыми жұмыстарға шолу жасаудың нәтижесінде бұл мәселенің тек экономикалық дамуы мешеу қалған, әлеуметтік шиеленістерге толы мемлекеттерде ғана емес, сондай-ақ даму деңгейі жоғары, өркениетті мемлекеттерде де өзекті екенін байқауға болады.

Айталық, Еуроодақ елдеріндегі жастардың жұмыссыздығына қатысты мәселелерді зерттеуге арналған Mona Mourshed, Jigar Patel, Katrin Suder ғылыми еңбегінде еуропалық мемлекеттерде кеңінен етек алған жастардың жұмыссыздығының себептеріне талдау жасалады. Авторлардың айтуынша 2014 жылдың статистикасына сәйкес еуропалық одақтың мемлекеттеріндегі жұмыссыз жастар саны 5,6 млн. адамға жеткен. Ал мүлде оқымаған және жұмыс істемеген жастар саны 7,5 млн. адамды құрайды. Бұл проблеманы шешуді ғылыми жұмыс авторлары білім беру жүйесінен бастауды ұсынады. Жұмыссыздықтың себебі жұмыстың жоқтығында ма, жастардағы жұмыс істеуге қажетті дағдылардың жоқтығында ма, әлде жастар мен жұмыс берушілердің арасындағы үйлестіру жүйесінің дұрыс жұмыс істемеуінен бе деген сұрақтарға жауап алу мақсатында 8 еуропалық мемлекеттердегі жұмыссыз жастардың, жұмыс берушілердің және жұмыспен қамту орталықтарының қатысуымен сауалнама жүргізілген. Жүргізілген талдаудың нәтижесінде авторлар еуропалық жастардың жұмыссыздық деңгейін реттеудің жолдарын, атап айтқанда жастарды ақпараттандыру базасын жетілдіру, жастардың мобильділігін қолдау, олардың тәжірибелік дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік жасайтын механизмдерді дамыту сияқты іс-шараларды ұсынған [1].

Сондай-ақ, Еуропа мемлекеттеріндегі жастар жұмыссыздығы проблемаларын талқылауға Eichhorst Werner; Rinne Ulf, Clemens Noelke сияқты еуропалық зерттеушілердің еңбектері арналған. Егер Eichhorst Werner, Rinne Ulf Еуропадағы жастарды жұмыспен қамту жүйесінің заңнамалық базасын жетілдіру мәселелеріне тоқталатын болса, Clemens Noelke жұмыссыздық деңгейі мен оған әсер ететін көрсеткіштердің көмегімен жасалған FE және DD үлгілерін қолдану арқылы жұмыссыздық үрдістеріне талдау жасайды [2; 3].

Сонымен қатар, Нидерланды ғалымдары Andrea G. Forster, Thijs Bol, Herman G. van de Werfhorst ғылыми еңбегінде де кәсіби білім беру жүйесінің көрсеткіштерінің жастар жұмыссыздығының деңгейіне әсерінің математикалық модельдері Еуропа мемлекеттерінің мысалында қаралады [4].

Австралиялық ғалымдар Jenny Chesters, Hernan Cuervo еңбектерінде жастар арасындағы күмәнді жұмысбастылық мәселелері көтеріледі. Олардың пайымдауынша күмәнді жұмысбастылық категориясына көп жағдайда 28 жасқа дейінгі жастар ілінеді екен. Авторлардың айтуынша бұл мәселе жастардың толық білім алып үлгермегендігімен, тәжірибелерінің аздығымен және материалдық тұрғыда

тәуелсіздікке қол жеткізе алмауымен байланысты. Сондай-ақ, авторлардың жүргізген зерттеулеріне сәйкес ер адамдарға қарағанда әйел аламдардың күмәнді жұмысбасты қатарына ілінуі 8 %-ға артық екен. Мамандық түрлеріне қатысты жүргізген зерттеуге сәйкес күмәнді жұмысбастылардың ең көп мөлшері, яғни 25 %-ы сауда және қызмет көрсету саласында кездеседі екен. Одан кейін кему қарқынына қарай кәсіби менеджерлер (21 %), әкімшілік қызметкерлері (17 %), машиналық операторлар (17 %) күмәнді жұмысбастылар қатарына ілінеді екен. Jenny Chesters, Hernan Cuervo зерттеу мақаласында күмәнді жұмысбастылық мәселесін шешудің 2 үлгісі егжей-тегжейлі қаралған. Олардың қорытындылауынша күмәнді жұмысбастылық жастардың өз жұмыстарына, кәсіптеріне қанағаттанбауынан болады, сондықтан жұмысбастылық, кәсіби бағыт мәселелеріне қарау тәсілін кешенді түрде өзгерту керек [5].

Итальяндық ғалымдар Andrea Albanese, Lorenzo Cappellari, Marco Leonardi ғылыми еңбегінде жастар еңбек нарығын реформалау мәселелері көтеріледі. Аталмыш авторлар ғылыми еңбектерінде итальяндық білім беру жүйесінде дуалдық білім беру жүйесінің жұмыс істеу мүмкіндіктеріне баға береді. Сондай-ақ, елдегі 2003-2015 жылдардағы еңбек нарығында жүргізілген реформалардың ерекшеліктеріне және олардың нәтижелеріне тоқталады [6].

Германиядағы еңбек нарығының қазіргі жағдайын бағалауға арналған Jennifer Shore and Jale Tosun ғылыми еңбегінде жастар мен мемлекеттік жұмыспен қамту қызметтері (PES) арасындағы қарым-қатынасқа, мемлекеттің жастар жұмысбастылығын қамтамасыз ету саясатына баға беріледі [7].

Дамушы мемлекеттердегі жастардың жұмысбастылық мәселелері және оларды шешудің мүмкін жолдарын қарастыру әлем ғалымдарының қызығушылығын тудыратын мәселе екені сөзсіз. Осы орайда Seife Ayele, Samir Khan, James Sumberg зерттеушілердің Африка мемлекеттеріндегі еңбек ахуалының, соның ішінде Эфиопия мемлекетіндегі жастардың жұмыссыздығына байланысты мемлекеттің саясатына баға беру төңірегінде жүргізген еңбегі ерекше назар аударады. Мақалада авторлар Эфиопия мемлекетінде 2004-2015 жылдары орын алған едәуір экономикалық өсім (10,9 %) мен 2015 жылдан бастап жүзеге асырылып жатқан саяси реформалар жастардың еңбек нарығының жағдайына және жастардың әлеуметтік позициясының өзгеруіне қалай әсер етіп жатқаны туралы аналитикалық талдаулар жүргізеді [8].

Université Paris Dauphine университетінің ғалымдары жүргізген ғылыми еңбекте жастардың бейресми жұмысбастылығы мәселелері зерделенеді. Авторлардың пайымдауынша жастардың бейресми жұмысбастылығы әлемде кең етек жайып келе жатқан мәселе, оны аталмыш ғылыми жұмыста талдау жасалған 20 дамушы мемлекеттің деректері дәлелдейді. Жүргізілген талдауға сәйкес зерттелген 20 мемлекеттің 15-29 жас аралығындағы жастарының 75,4 %-ы бейресми жұмысбастылар қатарына жатады екен. Бұл көрсеткіштің өзін авторлар бейресми салада жұмыс істейтіндер және ресми тіркелген секторлардағы бейресми жұмысшылар деп екі категорияға бөлген. Мысалы, Македония, Югославия, Ресей, Вьетнам, Ямайка сияқты мемлекеттерде бейресми секторда жұмыс істейтін жастардың үлесі 40-50 %-ды құрайтын болса, Украина, Иордания, Египет, Армения сияқты елдерде бұл көрсеткіш 20-30 % мөлшерінде. Ал Либерия, Того, Уганда сияқты мемлекеттерде бейресми секторлардағы жастардың үлесі 90 %-ға дейін жетеді. Сондай-ақ авторлар ресми түрде тіркелген кәсіпорындарда бейресми түрде жұмыс істейтін жастардың санына да талдау жасаған. Бұл көрсеткіш бойынша жоғары үлеске ие болып тұрған елдерге Украина (80 %), Иордания (78 %), Египет (63 %), Армения (62 %), Перу (62 %), Бразилия (52 %) мемлекеттерін жатқызуға болады.

Зерттеушілердің айтуынша, бейресми жұмысбастылық проблемасы тек қана жекелеген мемлекеттердің деңгейінде ғана емес, әлемдік деңгейде де неғұрлым ұтымды реттеу механизмдерін талап ететін мәселе [9].

Зерттеліп отырған тақырыптың еліміздегі зерделену деңгейіне келетін болсақ, Қазақстандағы еңбек нарығының бүгінгі күнгі жағдайын талдауға және баға беруге, жұмыссыздық проблемаларын және оларды реттеудің оңтайлы механизмдерін зерттеуге бағытталған ғылыми жұмыстар ретінде Кулекеев Ж. А. [10], Жусупова А. [11], Жолдасқызы З. [12], Доскеева Г. Ж., Байталасова К. А. [13; 14] сияқты авторлардың еңбектерін атауға болады.

ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БӨЛІМІ

Қазақстандағы жастар жұмыссыздығы мәселесіне келетін болсақ, бүгінгі күні, әсіресе COVID-19 әлемдік пандемиясының әсерінен болған экономикалық және әлеуметтік дағдарыс жағдайында заманауи қазақстандық қоғамда халықты жұмыспен қамту мәселесі, соның ішінде жастардың жұмысбастылығын қалыпты деңгейде ұстау Қазақстан Республикасы Үкіметінің алдына қойған негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Яғни жастар жұмыссыздығы мәселесін азайтудың басымдықтарының бірі ретінде әлеуметтік жүйенің маңызды элементтерінің бірі болып табылатын жастар еңбек нарығын реттеу механизмін зерделеу болып табылады.


Қазақстандағы еңбек нарығының қазіргі жағдайына талдау жасайтын болсақ, 2019 жылдың статистикалық деректері көрсеткендей бүгінгі күні еліміздегі 14-29 жас аралығындағы жұмыспен қамтылған жастардың саны 2322,8 мың адамды құрайды екен. Бұл еліміздегі барлық жұмысбасты халықтың 26,4 %-ына тең. Жекелеген жас топтарының жұмысбастылық деңгейінің 2015-2019 жылдарда қалай өзгергенін 1-кестеден байқауға болады.

Кесте 1 – Қазақстан Республикасының 15-29 жас аралығындағы жастарының 2015-2019 жылдар аралығындағы жұмыспен қамту көрсеткіштері

Жас топтары	2015		2016		2017		2018		2019	
	Жұмыспен қамтылғандар, мың адам	Жұмыс күші, %	Жұмыспен қамтылғандар, мың адам	Жұмыс күші, %	Жұмыспен қамтылғандар, мың адам	Жұмыс күші, %	Жұмыспен қамтылғандар, мың адам	Жұмыс күші, %	Жұмыспен қамтылғандар, мың адам	Жұмыс күші, %
15	1,2	0,8	0,5	0,3	0,5	0,4	0,3	0,2	0,3	0,2
16-19	116,9	14,2	106,2	13,3	91,1	11,7	76,6	10,7	70,8	10,1
20-24	1 117,9	71,2	999,8	69,5	891,0	66,6	892,9	70,1	984,5	70,8
25-29	1 311,7	89,7	1 374,1	89,7	1 354,9	89,4	1 332,7	90,3	1 267,2	89,6
Ескерту – [15] дереккөзі негізінде автормен құрастырылған										

1-кестеден көріп отырғанымыздай, 2015-2019 аралығында жастардың жекелеген топтарының арасында жұмысбастылықтың азайғанын байқауға болады. Бұл үдеріс әсіресе 15 пен 16-19 жас аралығындағы жастарға тән. Атап айтқанда, егер 2015 жылы 16-19 жас аралығындағы жастардың жұмысқа араласуы 116,9 мың адаммен байланыстырылатын болса, 2017 жылы бұл көрсеткіш 22 %-ға қысқарып, 91,1 мың адамды құраған. Ал 2019 жылы бұл көрсеткіш 2015 жылмен салыстырғанда 39,4 %-ға қысқарып 70,8 мың адамды құраған. Ал 25-29 жас аралығындағы жастардың жұмысбастылық деңгейінің өзгеру динамикасы төмендегідей: 2015 жылы 25-29 жас аралығындағы жастардың 89,7 %-ы жұмыс күші қатарына саналып, жұмыспен қамтылғандардың саны 1311,7 мың адамды құраған. 2016-2017 жылдары бұл көрсеткіштің сәйкесінше 4,7 және 3,3 %-ға өскенін байқауға болады. Алайда 2018 жылдан бастап 25-29 жас аралығындағы жастардың жұмысбастылығы төмендей бастаған. 2019 жылы 25-29 жас аралығындағы жұмыспен қамтылған жастар санының 2015 жылмен салыстырғанда 3,4 %-ға төмендегенін байқауға болады [15].

Жалпы ресми статистикаға сүйенетін болсақ, елімізде 2015-2019 жылдары жұмыссыздық деңгейі тұрақталып, еңбекке жарамды халықтың кейбір топтары үшін бұл көрсеткіштің түсе бастағанын байқауға болады (Сурет 1).



Сурет 1 – Қазақстандағы 2015-2019 жж. жұмыссыздық деңгейінің өзгеру серпіні, жұмыс күшіне %-бен шаққанда
Ескерту – [15] дереккөзі негізінде автормен құрастырылған

1-суреттегі диаграмманың көрсеткіштерінен көріп отырғанымыздай, 2015-2019 жылдар аралығында еліміздегі жұмыссыздық деңгейі 5,1-4,8 % аралығында болған, яғни зерттеліп отырған 5 жыл аралығында еліміздегі жалпы жұмыссыздық деңгейі 0,3 пунктке немесе 5,9 %-ға қысқарғанын байқауға болады. Ал нақтырақ жастар жұмыссыздығының деңгейіне тоқталатын болсақ, диаграммада көрсетілген жастардың барлық топтары бойынша жұмыссыздық деңгейінің қысқарғаны байқалады. Соның ішінде 16-19 жас аралығындағы жастардың жұмыссыздық көрсеткіші 2015-2019 жылдар аралығында 4,5-4,2 % аралығында өзгеріп отырған, яғни осы 5 жыл ішінде жұмыс күші қатарына саналған 16-19 жас аралығындағы жастардың жұмыссыздық деңгейі 6,6 %-ға қысқарған. Ал 20-24 жас аралығындағы жастардың жұмыссыздық деңгейінің өзгеру динамикасына келетін болсақ, қаралып отырған уақыт ішінде, яғни 2015-2019 жылдар аралығында жастардың бұл тобының жұмыссыздық деңгейі 4,2-3,5 % аралығында болып, 5 жыл ішінде 0,7 пунктке немесе 16,7 %-ға азайғанын байқауға болады. 25-29 жас аралығындағы жастар тобы жастардың бұған дейінгі қаралған екі тобына қарағанда әлеуметтік тұрғыдан неғұрлым қорғалған халық тобына жатады десе болады. Өйткені бұл жастағы азаматтар әдетте білім алып, белгілі бір мамандыққа қол жеткізген немесе жұмыс істеп, тәжірибе жинаған жастардың қатарынан болады. Сондықтан, олардың жұмыспен қамтылуы 16-24 жас аралығындағы жастарға қарағанда салыстырмалы түрде жеңіл деп саналады. Енді осы 25-29 жас аралығындағы жастардың жұмыссыздық көрсеткіштеріне тоқталатын болсақ, 2015-2019 жылдар ішінде бұл қатардағы жастардың жұмыссыздық деңгейі 5,4 %-дан 4,8 %-ға дейін түскен. Яғни зерттеліп отырған уақыт ішінде 25-29 жас аралығындағы жұмыссыз жастардың саны 11,1 %-ға азайған [15].


Жастардың жұмыссыздық деңгейі көрсеткішінің өзгеру динамикасын гендерлік тұрғыдан қарайтын болсақ, 2-суреттегі диаграмманың статистикалық деректеріне сай жұмыссыздық деңгейінің азаюы негізінен 25-29 жастағы жұмыспен қамтылмаған әйел адамдардың санының қысқаруының есебінен болғанын байқауға болады.

Статистикалық деректерге сай еліміздің жастарының ішінде жұмыссыздық көрсеткіші бойынша елеулі өзгеріске ұшыраған топ ретінде 25-29 жас аралығындағы әйел адамдарды атауға болады. Олардың

2015-2019 жылдар ішіндегі жұмыссыздық деңгейі көрсеткіші 6,5 %-дан 5,3 %-ға дейін төмендеген. Яғни 5 жыл ішінде 25-29 жас аралығындағы жұмыс күші қатарына саналатын жұмыссыз әйелдердің саны 18,5 %-ға қысқарғанын байқауға болады.

Жұмыссыздық деңгейі көрсеткіші бойынша оң нәтижеге жеткен жастардың келесі тобы – 20-24 жас аралығындағы ер адамдар. Зерттеліп отырған уақыт ішінде, яғни 2015-2019 жылдар аралығында аталмыш топтағы жастардың жұмыссыздық деңгейі 3,6 %-дан 3,1 %-ға дейін төмендеген, яғни жұмыссыздық деңгейінің төмендеу қарқыны 13,8 %-ды құраған [15].

Жалпы 2015-2019 жылдар аралығындағы халықтың, соның ішінде 16-29 жас аралығындағы жастардың жұмыссыздық деңгейінің қысқаруына әсер еткен факторлардың бірі ретінде еліміздегі еңбек нарығын реттеуге және жұмыссыздықпен күресуге бағытталған мемлекеттік және аймақтық бағдарламалардың оңтайлы жұмыс істеуін айтуға болады. Солардың ішінде «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020» және «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының алар орны ерекше.



Сурет 2 – Қазақстандағы жастардың гендерлік сипатына қарай жұмыссыздық деңгейі көрсеткішінің 2015-2019 жж. өзгеру серпіні
Ескерту – [15] дереккөзі негізінде автормен құрастырылған

Негізгі мақсаты халықты нәтижелі жұмыспен қамтуға жәрдемдесуге және азаматтарды кәсіпкерлікке жұмылдыруға бағытталған бұл мемлекеттік бағдарламалардың аясында еңбек нарығындағы жұмыс берушілердің сұранысына сай келетін техникалық және кәсіптік білімі бар мамандарды даярлау, қажетті жұмысшы мамандықтарын қысқа мерзім ішінде кәсіптік оқытып шығару, мемлекеттік индустриалдық және «Серпін» жобаларының аясында мамандар даярлап шығару, құрылымдық жұмыссыздыққа ұшыраған, яғни нарықта сұранысқа ие болмай қалған жұмысшы мамандықтарының иелерін басқа мамандыққа қайта даярлау, «Бизнес Бастау» жобасының аясында жұмыссыз халықтың кәсіпкерлікпен айналысу дағдыларын қалыптастыру үшін кәсіпкерлік негіздерін оқыту және бизнес-идеялары үшін микронесиелер мен гранттар беру, ауылдық жерлердегі кәсіпкерлікті дамыту үшін аймақтардағы жұмыссыз халықты кәсіпкерліктің қысқа курстарына жұмылдырып, микронесиелер алуына мүмкіндік туғызу сияқты іс-шаралар жүзеге асырылды.

Жалпы халықтың, соның ішінде жастардың еңбек нарығындағы сұранысқа сай білім алып, кәсіби маман иесі болуына ат салысу мемлекеттің бүгінгі күнгі жұмыспен қамту саясатының белсенді бағытының негізгі тармақтарының бірі болып табылады. Сондықтан, жастардың бүгінгі күннің еңбек нарығының талаптарына сай келетін мамандық алып, сол мамандыққа сәйкес келетін кәсіби дағдыларын қалыптастыруы маңызды шарт болып табылады. Осы тұрғыда Қазақстан жастарының экономиканың салаларындағы жұмысбастылық жағдайына талдау жасап көрейік (Кесте 2).

Кесте 2 – 16-24 жас аралығындағы Қазақстан жастарының экономика салаларындағы жұмыспен қамтылу көрсеткіштерінің 2015-2019 жылдардағы өзгеруі

Көрсеткіштер / жылдар	2015	2016	2017	2018	2019
Жұмыспен қамтылған халық–барлығы, %	100	100	100	100	100
Соның ішінде:					
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	17,9	18,0	17,9	15,2	13,7
Өнеркәсіп	9,5	9,7	9,5	10,2	10,4
Құрылыс	8,6	8,2	7,2	7,4	6,7
Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	17,5	18,0	17,1	18,1	19,2
Білім беру	8,7	10,0	9,7	10,2	10,6
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер	3,9	3,9	4,5	4,9	5,5
Қаржы және сақтандыру қызметі	3,4	2,2	3,2	2,5	2,8
Ескерту – [15] дереккөзі негізінде автормен құрастырылған					

2-кестенің көрсеткіштеріне сай, еліміздің 16-24 жас аралығындағы жастарының басым көпшілігі, яғни 33 %-дан астам бөлігі сауда және көліктерді жөндеу, ауыл, орман және балық шаруашылығында жұмыс істейді екен. 2019 жылы көтерме және бөлшек сауда, көлік жөндеу саласында жұмыс істейтін 16-24 жас аралығындағы жастар осы жастағы барлық жұмыспен қамтылғандардың 19,2 %-ын құраған. Бұл көрсеткіш 2015 жылдың сәйкес көрсеткішімен салыстырғанда 8,8 %-ға өскенін байқауға болады. Зерттеліп отырған жастағы жастардың жұмысбастылығы жоғары болып саналатын экономиканың тағы бір саласы – ауыл, орман және балық шаруашылығы. 2015-2019 жылдар аралығында бұл салада жұмыс істейтін 16-24 жас аралығындағы жастардың үлесі 17,9-13,7 % аралығында өзгерген, яғни 5 жыл ішінде ауыл, орман және балық шаруашылығындағы жұмысбасты жастардың үлесі 23,5 %-ға азайғанын аңғаруға болады.

16-24 жас аралығындағы қазақстандықтардың жұмыспен қамтылған келесі салалары өнеркәсіп және құрылыс салаларымен байланысты болып отыр. Егер өнеркәсіп саласына тартылған жастардың үлесі соңғы жылдары ұлғайғанын (9,5 %-дан 10,4 %-ға дейін) аңғаратын болсақ, құрылыс саласында керісінше аталмыш жас аралығындағы жастардың үлес салмағының 8,6 %-дан 6,7 %-ға дейін төмендегенін байқауға болады. Бұл үдерісті бір жағынан 16-24 жас аралығындағы жастардың үлесінің экономиканың басқа салаларында өскенімен байланыстыратын болсақ, екінші жағынан, әлемдік қаржылық дағдарыстан кейінгі жылдары еліміздегі құрылыс саласының өсу қарқынының саябырлауымен де түсіндіруге болады. Жалпы статистикалық деректер көрсетіп отырғандай, қаралып отырған жас аралығындағы жұмыс істейтін жастардың үлесі әлеуметтік салада артқаны байқалады. Әсіресе, білім беру және денсаулық сақтау саласындағы жұмыспен қамтылған жастар саны 2015-2019 жылдар аралығында сәйкесінше 21,8 %-ға және 41 %-ға артқанын байқауға болады [15].

Жалпы, еліміздің 2015-2019 жылдардағы жастар еңбек нарығының статистикалық деректеріне жүргізілген салыстырмалы талдаудың нәтижелері көрсеткендей, аталмыш уақыт ішінде экономиканың салаларының басым көпшілігінде жұмыспен қамтылған жастардың үлесі артып, жалпы жастардың жұмыссыздық көрсеткішінің қысқарғанын аңғарамыз.

Алайда 2019 жылдың аяғында басталған COVID-19 әлемдік коронавируc пандемиясы тек қана жеке-леген мемлекеттердің емес, әлемдік экономиканың дамуына кері әсерін тигізгені белгілі. Экономиканың

көптеген салаларының тұралап қалуына байланысты әлемдік еңбек нарығында жұмыс орындарының тапшылығы басталып, жұмыссыздық деңгейінің үлкен қарқынмен белең алып жатқаны айдан анық. 2020 жылдық сәуір айындағы статистика бойынша әлемде 3,3 млрд. адам, яғни дүние жүзіндегі жұмыс күшінің 81 %-ы жұмыс орындарының толық немесе ішінара қысқаруынан зардап шеккен. Бұл үдеріс Қазақстанның еңбек нарығын да айналып өткен жоқ. 2020 жылдың наурыз-сәуір айларында карантиндік шаралардың енгізілуіне байланысты 4,2 млн. қазақстандықтар уақытша жұмыссыздыққа ұшырады. COVID-19 пандемиясының 29 жасқа дейінгі қазақстандықтардың жұмысбастылығына қалай әсер еткенін саралайтын болсақ, Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросының алдын-ала жариялаған ресми статистикасына сүйене отырып, 2020 жылдың 2 тоқсанында, яғни сәуір-маусым айларында еліміздегі жастар жұмыссыздығы 3,8 %-дан 4 %-ға дейін көтерілгенін байқаймыз. Ал 2020 жылдың 3-тоқсанында, яғни шілде-қыркүйек айларының статистикасына сәйкес жастар жұмыссыздығы көрсеткіші 3,9 %-ға дейін қайта түсе бастаған. Осы орайда пандемия жағдайындағы әлеуметтік-экономикалық күйзелістен неғұрлым тезірек шығу үшін мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан дағдарысқа қарсы бағдарламаларды атап өткеніміз абзал. Сол бағдарламалардың ішінде жұмыссыздықпен күресу және жұмысбастылықты қамтамасыз ету іс-шаралары да қабылданған. Атап айтсақ, «Жұмыспен қамту жол картасы». Бұл бағдарламаның аясында 6,5 мың жобаны жүзеге асырып, халықты 225 мың қосымша жұмыс орнымен қамтамасыз ету жоспарланған. 2020 жылдың шілде айының қорытындысы бойынша аталмыш бағдарлама аясында аймақтарда 6295 жоба бойынша жұмыс басталып, 148 мыңнан аса жұмыс орындары ашылған және олардың 77 мың жұмыс орны халықты жұмыспен қамту орталықтары арқылы жүзеге асырылған [16].

2020 жылдың статистикалық деректеріне сүйенетін болсақ, «Жұмыспен қамту жол картасы» мемлекеттік бағдарламасының аясында 2020 жылы коронавирус пандемиясының салдарынан жұмыссыздыққа ұшыраған 91 мың адам жұмыс орындарымен қамтамасыз етілген. Олардың 35 %-ы, яғни 32 мыңға жуық адам – 29 жасқа дейінгі жастар болып табылады [17].

Жалпы еліміз бойынша жүзеге асырылып отырған мемлекеттік бағдарламалардың аясында 2020 жыл ішінде 1,2 млн. адамды жұмыспен қамту көзделген. Солардың ішінде жоспарланған жұмыссыз халықтың басым бөлігін, яғни 600 мың адамды «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының аясында, 225 мың адамды «Жұмыспен қамту жол картасы» және 364 мың адамды басқа мемлекеттік бағдарламалардың («Нұрлы жол», «Нұрлы жер», «Бизнестің жол картасы 2020-2025» т.б.) аясында жұмыспен қамту көзделіп отыр [18; 19; 20; 21].

16-29 жас аралығындағы жастарды жұмыспен қамту үшін мемлекет тарапынан жасалып отырған шараларға кеңірек тоқталатын болсақ, жоғарыда аталып өткен «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының аясында «Мәңгілік ел жастары - индустрияға» («Серпін») жобасы жүзеге асырылып отыр. Бұл жобаға сәйкес еңбек күші басым өңірлердің – Түркістан, Алматы, Жамбыл, Маңғыстау, Қызылорда облыстарының және Шымкент қаласының 9 және 11 сынып бітірген жастарына техникалық және кәсіби білім беріп, жұмыс күші жетпейтін өңірлерге қоныс аударып, жұмыс орындарымен қамтамасыз ету мақсатында мемлекет жобаға қатысушыларды тегін оқытып, шәкіртақы тағайындап, жол және тамаққа кететін шығындарды толығымен қаржыландырып отыр.


Сондай-ақ, «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының үшінші бағытының («Халықты жұмыспен қамту және еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру арқылы еңбек нарығын дамыту») аясында жастарға арналған «Жастар тәжірибесін ұйымдастыру» жобасы жүзеге асырылуда. Бұл жоба 29 жасқа дейінгі жоғарғы немесе техникалық және кәсіби орта білімі бар жұмыссыз жастарды қолдау мақсатымен оларды 6 ай ішінде кәсіби тәжірибе жинау үшін жұмыс орындарымен қамтамасыз етіп отыр. Аталмыш жоба уақытша жұмыс орнымен қамтамасыз еткенімен, тәжірибесіз, дипломы бар жастар үшін ары қарай еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, тәжірибелі мамандар ретінде сұранысқа ие болуына мүмкіндік береді.

Аталған мемлекеттік бағдарламаның үшінші бағытының аясында жастар үшін «Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру» деген жоба да қарастырылған. Бұл жобаның аясында 29 жасқа дейінгі жұмыссыз жастарға, студенттер мен орта мектептердің жоғарғы сыныптарының оқушыларына оқу

үрдісінен тыс уақытта еңбекке араласуына мүмкіндік беріледі. Аталмыш жоба жастарды жұмыспен қамтудың уақытша сипатына ие болғанымен, оларға кәсіби тәжірибе жинауға, әлеуметтік-пайдалылық ұғымын сезінуге ықпал етеді [18].

Қазақстан Республикасының еңбек және әлеуметтік қорғау Министрлігінің деректері бойынша, «Еңбек» бағдарламасының жоғарыда аталған бағыттарын жүзеге асыруға тек 2020 жыл ішінде 176 млрд. теңге қаражат бөлінген. Бұл COVID-19 жағдайындағы халықты, оның ішінде 29 жасқа дейінгі жастарды мемлекет тарапынан қаржылай қолдау шараларының бірден-бір айғағы деп айта аламыз [17].

Жалпы, жоғарыда аталып өткен мемлекеттік бағдарламалардан бөлек еліміздің еңбек нарығын мемлекеттік реттеу механизмінде көптеген әдістер, тәсілдер мен құралдар қолданылады. Еліміздің заманауи еңбек нарығын мемлекеттік реттеудің жалпы үлгісін төмендегі схема түрінде көрсетуге болады (3-сурет):



Сурет 3 – Қазақстан Республикасының еңбек нарығын және жұмыспен қамту жүйесін мемлекеттік реттеу механизмі

Ескерту – автормен құрастырылған

Еңбек нарығын және жұмыссыздықты мемлекеттік реттеу жүйесінің жоғарыда көрсетілген құрылымдарын ұтымды әрі тиімді пайдалану мемлекеттің аталмыш салада жүргізіп отырған белсенді саясатының негізгі міндеттерімен байланысты.

Мемлекеттің еңбек нарығындағы активті саясатының негізгі бағыттары жаппай кәсіпкерлікті дамыту арқылы жеке меншік секторда жұмыс орындарын құрумен байланысты болып табылады. Әлемдік тәжірибенің оң нәтижелері көрсеткендей қосымша жұмыс орындарын ашу мақсатында кәсіпкерлікті қолдау және оның тиімділігін көтеру үшін микронесиелеу, субсидиялау шараларын кеңейту, еңбек ресурстарын кәсіби даярлықтан өткізу, еңбек нарығындағы әртүрлі институттардың қызметін дамыту және ақпараттық қамтамасыз ету сияқты іс-шараларды мемлекеттік деңгейде жүзеге асыру өзінің оң әсерін тигізетіні сөзсіз.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕР (ҚОРЫТЫНДЫ)

Қазақстанның жастар еңбек нарығының және жастарды жұмыспен қамту жүйесінің бүгінгі күнгі жағдайына талдау жасау келесі нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді:

1) Еліміздің еңбек нарығындағы 29 жасқа дейінгі азаматтардың жұмысбастылығы 2015-2019 жылдар аралығында оң көрсеткіштерге ие болып, жастардың барлық санаттары бойынша жұмыссыздық деңгейінің тұрақты түрде түсіп отырғанын байқаймыз. Коронавирус пандемиясы басталған уақытқа дейін Қазақстандағы 29 жасқа дейінгі жастардың жұмыссыздық деңгейі 3,8 %-ды құраған. Әлемдік пандемияға байланысты пайда болған еңбек нарығындағы қиындықтар 2020 жылдың 2-ші тоқсанында жастар жұмыссыздығының 4 %-ға дейін көтерілуіне алып келді. Еңбек нарығындағы дағдарыспен күресуге бағытталған мемлекеттік шаралардың нәтижесінде 2020 жылдың 3-ші тоқсанында жастар жұмыссыздығы 3,9 %-ға түсе бастады.

2) Мемлекеттің халықтың жұмыссыздығымен күресуге бағытталған шараларының аясында жастар жұмысбастылығын қамтамасыз ету үшін «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы ауқымында бірнеше жобалар жүзеге асырылуда. Солардың ішінде еліміздің жастарының жұмысбастылығын қолдауға бағытталған «Серпін», «Жастар тәжірибесін ұйымдастыру», «Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру» жобаларын атауға болады. Коронавирус жағдайында халықтың, оның ішінде жастардың жұмысбастылығын қолдау үшін 2020 жылы мемлекеттік бюджеттен 176 млрд. теңге қаражат бөлінген.

3) Алдағы уақытта Қазақстанның еңбек нарығын, соның ішінде жастар жұмысбастылығын мемлекеттік реттеу жүйесін жетілдіру мақсатында төмендегі іс-шараларды жүзеге асыру аталмыш саладағы әлеуметтік саясаттың негізгі басымдықтары болып саналады:

- еңбек нарығының заманауи талаптарына сай келетін және жұмыс берушілердің кәсіби еңбек ресурстарына деген қажеттіліктерін қанағаттандыратын мамандарды даярлап шығу. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін бірінші кезекте білім беру, әсіресе мамандар даярлайтын жоғары және кәсіптік орта білім беру жүйесіндегі білім беру бағдарламалары мен үрдістерінің әлемдік стандарттарға сай келуін қамтамасыз ету;

- заман талабына сай нарықта белгілі бір саланың мамандықтарына сұраныстың азаюына байланысты құрылымдық жұмыссыздыққа ұшыраған жастардың еңбек нарығында сұранысқа ие болып тұрған кәсіптер мен мамандықтарға қажетті дағдылары мен біліктіліктерін қалыптастыру үшін қысқа мерзімді кәсіптік білім беру жобаларына тарту және оларды жаңа мамандықтармен қамтамасыз етудің есебінен құрылымдық жұмыссыздық деңгейін азайту;

- «Серпін», «Бизнес бастау» жобаларының аясында индустриалдық-инновациялық бағыттағы жобаларды жүзеге асыра алатын және кәсіпкерлікпен айналысуға қажетті біліктілік негіздері мен дағдыларды жастардың бойына сіңіру және сол мақсатпен жұмыс күші қатарына саналатын, бірақ жұмыспен қамтылмаған жастарды еңбек ресурстарына қажеттілігі бар аймақтар мен салаларға жұмылдыру;

- аймақтардағы жұмысбастылықтың белсенділігін арттыру және кәсіпкерлікті дамыту үшін ауылдық жерлердегі, шағын қалалар мен моноқалалардағы микронесиелеу мен субсидиялау жүйесін жетілдіру және жергілікті жерлердегі халықтың аталмыш мемлекеттік қолдау құралдарына қолжетімділігін арттырудың оңтайлы механизмдерін жасау және енгізу; бизнес-идеяларды және инновациялық жобаларды мемлекет тарапынан қолдау мақсатымен оларды жүзеге асыру үшін мемлекеттік гранттар

беру және микронесиелер алуға кепілдік беру жүйесін жетілдіру; жұмыссыздармен әлеуметтік кәсіби бағдар беру жұмыстарын жетілдіру;

- еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру. «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының аясында жұмыссыздардың аймақаралық мобильділігін арттыру, яғни жұмыс күші артық аймақтардан жұмыс күші тапшы аймақтарға жастарды жұмыспен қамтамасыз ету арқылы қоныс аудару шараларын күшейту. Жұмыс күші артық аймақтар ретінде Алматы, Жамбыл, Маңғыстау, Түркістан, Қызылорда облыстары және Шымкент қаласы қаралатын болса, жұмыс күші тапшылығы болып отырған аймақтарға Солтүстік-Қазақстан, Павлодар, Қостанай және Шығыс-Қазақстан облыстары жатады. Сондай-ақ, аталмыш мемлекеттік бағдарламаның аясында аймақшilik қоныс аудару мәселелері де қарастырылады. Бұл мемлекеттік бағдарлама аясында қаржылай қамтамасыз ету болған жағдайда экономикалық даму мүмкіндігі төмен ауылдардан облыстық немесе аудандық маңызы бар қалаларға, экономикалық өсу орталықтарына жұмыссыз жастарды қоныс аудару арқылы жүзеге асырылады;

- жұмыспен қамтуды қамтамасыз ететін бірыңғай цифрлық алаңды дамыту. Бүгінгі күні Қазақстанда 50-ден аса жұмыспен қамту агенттіктері, интернет сайттары жұмыс жасайды. Олардың арасындағы байланысты күшейту үшін және бірыңғай электрондық базаны қалыптастыру мақсатымен «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының аясында электрондық еңбек биржасының жұмысы қарастырылған. Бұл еңбек биржасының жұмысының дамуы бірінші кезекте жұмыссыздарды ақпараттық қамтамасыз етуді, одан кейін жұмыс орнымен қамтамасыз етуді бірыңғай жүйеде жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Mourshed M., Patel J., Suder K. Education to employment: Getting Europe's youth into work // McKinsey & Company. – 2014 – P. 8.
2. Werner E., Ulf R. Promoting youth employment in Europe: Evidence-based policy lessons [Электронды ресурс] // IZA Policy Paper. Institute of Labor Economics (IZA), Bonn. – No. 119. – 2016. – URL: <http://hdl.handle.net>
3. Noelke C. Employment Protection Legislation and the Youth Labour Market // European Sociological Review. – 2017. – № 33 (6). – P. 839. – DOI: 10.1093/esr/jcx073.
4. Forster A. G., Bol T., van de Werfhorst H. G. Vocational Education and Employment over the Life Cycle // Sociological Science. – 2016. – № 3. – P. 473-494.
5. Chesters J., Cuervo H. Adjusting to new employment landscapes: Consequences of precarious employment for young Australians // The Economic and Labour Relations Review. – 2019. – № 30 (1). – P. 1-19.
6. Albanese A., Cappellari L., Leonardi M. The Effects of Youth Labor Market Reforms: Evidence from Italian Apprenticeships [Электронды ресурс] // IZA Discussion Paper – Article 10766. – 2017. – URL: <http://ftp.iza.org/dp10766.pdf> (қарау уақыты: 25.02.2021).
7. Shore J., Tosun J. Assessing youth labour market services: Young people's perceptions and evaluations of service delivery in Germany // Public Policy and Administration. – № 34 (4) – 2017. – P. 1–20.
8. Ayele S., Khan S., Sumberg J. Africa's youth employment challenge: new perspectives // IDS Bulletin. – Vol. 48. – No. 3. – 2017. – P. 33-50.
9. Shehu E., Nilsson B. Informal employment among youth: Evidence from 20 school-to-work transition surveys // Work 4 Youth Publication Series. – No. 8. – Geneva: ILO, 2014. – 89 p.
10. Кулекеев Ж. А. Рынок труда и занятость в Казахстане. – Алматы, 2016. – 120 с.
11. Жусупова А. Безработица в Казахстане: проблема становится острее [Электронды ресурс] // Ekonomist.kz [web-портал]. – 2020. – URL: <https://ekonomist.kz/zhussupova/bezrobotica-v-kazakhstane-problema/> (қарау уақыты: 25.02.2021).
12. Жолдасқызы З. Анализ причин и последствий безработицы в Казахстане [Электронды ресурс] // Central Asian Bureau for Analytical Reporting. – 2019. – 14 p. – URL: <https://cabar.asia/ru/analiz-prichin-i-posledstvij-bezrobotitsy-v-kazahstane?pdf=22184> (қарау уақыты: 25.02.2021).

13. Doskeyeva G. Zh., Baitalassova K. A. Assessment of the Current State of Employment in the Regions of Kazakhstan // Academy of Strategic Management Journal. – 2019. – Vol. 18. – No. 6. – P. 1-5.
14. Доскеева Г. Ж., Байталасова К. А. Қазақстандағы және жекелеген аймақтардағы халықты жұмыспен қамту үрдістеріне шолу // Статистика, учет и аудит. – 2020. – № 4. – 137-142 бб.
15. Қазақстанда жұмыспен қамтылу. Статистикалық жинақ. 2015-2019 жылдар. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 242 б.
16. Рынок труда Республики Казахстан 2020 [Электронды ресурс] // Ranking.kz [web-портал]. – 2020. – URL: <http://ranking.kz/ru/a/reviews/rynok-truda-respubliki-kazahstan-2020> (қарау уақыты: 25.02.2021).
17. В 2020 году мерами содействия занятости планируется охватить 1 млн 220 тыс человек [Электронды ресурс] // Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы [web-портал]. – 2020. – URL: <https://primeminister.kz/ru/news/v-2020-godu> (қарау уақыты: 25.02.2021).
18. Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы [Электронды ресурс] // Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы [web-портал]. – 2020. – URL: <https://primeminister.kz/kz/documents/gosprograms> (қарау уақыты: 25.02.2021).
19. Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [Электронды ресурс] // Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы [web-портал]. – 2020. – URL: <https://primeminister.kz/kz/documents/gosprograms> (қарау уақыты: 25.02.2021).
20. Қазақстан Республикасының инфрақұрылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы [Электронды ресурс] // Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы [web-портал]. – 2020. – URL: <https://primeminister.kz/kz/documents/gosprograms> (қарау уақыты: 25.02.2021).
21. «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы [Электронды ресурс] // Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы [web-портал]. – 2020. – URL: <https://primeminister.kz/kz/documents/gosprograms> (қарау уақыты: 25.02.2021).

REFERENCES

1. Mourshed M., Patel, J., and Suder, K. (2014), “Education to employment: Getting Europe’s youth into work”, McKinsey & Company, P. 8.
2. Werner E., and Ulf, R. (2016), “Promoting youth employment in Europe: Evidence-based policy lessons”, Institute of Labor Economics (IZA) Policy Paper, No. 119, available at: <http://hdl.handle.net>
3. Noelke C. (2017), “Employment Protection Legislation and the Youth Labour Market”, European Sociological Review, Vol. 33, No. 6, P. 839, DOI: 10.1093/esr/jcx073
4. Forster A. G., Bol, T., and van de Werfhorst, H. G. (2016), “Vocational Education and Employment over the Life Cycle”, Sociological Science, No. 3, P. 473-494.
5. Chesters J. and Cuervo, H. (2019), “Adjusting to new employment landscapes: Consequences of precarious employment for young Australians”, The Economic and Labour Relations Review, No. 30 (1), P. 1 –19.
6. Albanese A., Cappellari L., and Leonardi M. (2017), “The Effects of Youth Labor Market Reforms: Evidence from Italian Apprenticeships”, IZA Discussion Paper, No. 10766, available at: <http://ftp.iza.org/dp10766.pdf> (accessed: February 25, 2021).
7. Shore J., and Tosun J. (2017), “Assessing youth labour market services: Young people’s perceptions and evaluations of service delivery in Germany”, Public Policy and Administration, No. 34 (4), P. 1–20.
8. Ayele S., Khan, S. and Sumberg J. (2017), “Africa’s youth employment challenge: new perspectives”, IDS Bulletin, Vol. 48, No. 3, P.33-50
9. Shehu E., and Nilsson B. (2014), “Informal employment among youth: Evidence from 20 school-to-work transition surveys”, Work 4 Youth Publication Series, No. 8, ILO, Geneva, 89 p.
10. Kulekeev Zh. A. (2016), “Rinok truda i zanyatost v Kazahstane”, Almaty, 120 p. (In Russian).

11. Zhusupova A. (2020), “Bezrobotica v Kazakhstane – problema stanovitsya ostree”, available at: <https://ekonomist.kz/zhussupova/bezrobotica-v-kazakhstane-problema/> (accessed: February 25, 2021) (In Russian).
12. Zholdaskizi Z. (2019), “Analiz prichin i posledstviy bezrobotitsy v Kazakhstane”, Central Asian Bureau for Analytical Reporting, 14 p, available at: <https://cabar.asia/ru/analiz-prichin-i-posledstviy-bezrobotitsy-v-kazakhstane?pdf=22184> (accessed: February 25, 2021) (In Russian).
13. Doskeyeva G. Zh., and Baitalassova, K. A. (2019), “Assessment of the Current State of Employment in the Regions of Kazakhstan”, Academy of Strategic Management Journal, Vol. 18, No. 6, P. 1-5.
14. Doskeyeva G. J., and Baitalassova, K. A. (2020), “Qazaqstandagy zhane zhekelegen aimaktardagy khalykty zhumyspen kamtu urdisterine sholu”, Statistika, uchet i audit, No. 4, P. 137-142.
15. “Qazaqstanda zhumyspen kamtylu. Statistikalik zhinak. 2015-2019 zhildar” (2020), Nur-Sultan, 242 p.
16. “Rinok truda Respubliki Kazakhstan. 2020” (2020), available at: <http://ranking.kz/ru/a/reviews/rynok-truda-respubliki-kazakhstan-2020> (accessed: February 25, 2021) (In Russian).
17. “Natizheli zhumyspen qamtudy zhane jappai kasipkerlikti damytudyn 2017-2021 zhildarga arналan «Enbek» memlekettik bagdarlamasy” (2020), available at: <https://primeminister.kz/kz/documents/gosprograms> (accessed: February 25, 2021) (In Kazakh).
18. “Qazaqstan Respublikasyn industriyalik-innovatsiyalyk damytudyn 2020-2025 zhildarga arналan memlekettik bagdarlamasy” (2020), available at: <https://primeminister.kz/kz/documents/gosprograms> (accessed: February 25, 2021) (In Kazakh).
19. “QR infrakurylymdy damytudyn 2020-2025 zhildarga arналan «Nurly jol» memlekettik bagdarlamasy” (2020), available at: <https://primeminister.kz/kz/documents/gosprograms> (accessed: February 25, 2021) (In Kazakh).
20. “«Biznestin jol kartasy-2025» biznesti qoldau men damytudyn memlekettik bagdarlamasy” (2020), available at: <https://primeminister.kz/kz/documents/gosprograms> (accessed: February 25, 2021) (In Kazakh).
21. “V 2020 godu meramisodeistviya zanyatosti planiruetsya ohvatit 1 mln 220 tys chelovek” (2020), available at: <https://primeminister.kz/ru/news/v-2020-godu> (accessed: February 25, 2021) (In Russian).

ASSESSMENT OF THE CURRENT STATUS OF YOUTH EMPLOYMENT IN KAZAKHSTAN AND THE SYSTEM OF ITS STATE SUPPORT

G. Zh. Doskeyeva

Narxoz University, Almaty, Republic of Kazakhstan

ABSTRACT

The purpose of the study is to analyze the current state of the youth labor market in Kazakhstan and its main indicators, consider and assess the mechanism of functioning of the system of state support for youth employment; also in reviewing the possibilities of government programs aimed at combating unemployment, including youth unemployment resulting from the COVID-19 pandemic.

The research methodology includes statistical and economic, dialectical and comparative methods that were used in writing this scientific article. Since statistical and economic methods are a set of methods used in a comprehensive analysis of the dynamics of the development of certain economic processes, in this article, using the method under consideration, indicators of youth employment in Kazakhstan were grouped, statistical information was developed and analyzed, and also with the help of graphs and diagrams, the analysis results are displayed and assessed the state of the youth labor market. And with the help of the dialectical method, the state of development of economic processes in the labor market, in particular the relationship and interaction between the elements of the mechanism of state support was revealed. Using the comparative method, a comparative analysis of the indicators of the youth labor market and the experience of the functioning of the mechanism of state regulation, as well as the dynamics of changes in the indicators of youth unemployment over a five-year period was carried out.

The originality / value of the study lies in a comprehensive analysis of youth employment indicators in Kazakhstan for 2015-2019 and an assessment of the mechanism for the functioning of state programs and other elements of the state regulation system aimed at supporting the youth labor market in the context of the COVID-19 coronavirus pandemic.

Findings – main focus and findings of the article. The research results are related to the analysis of the main indicators of the youth labor market in Kazakhstan and the identification of the main priorities of social policy aimed at improving the system of state support for youth employment.

Keywords: unemployment rate, youth unemployment, labor market, state regulation of unemployment, state programs.

ОЦЕНКА СОВРЕМЕННОГО СОСТОЯНИЯ ЗАНЯТОСТИ МОЛОДЕЖИ КАЗАХСТАНА И СИСТЕМЫ ЕЕ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОДДЕРЖКИ

Г. Ж. Доскеева

Университет Нархоз, Алматы, Республика Казахстан

АННОТАЦИЯ

Цель исследования заключается в проведении анализа современного состояния молодежного рынка труда Казахстана и его основных показателей, рассмотрении и оценке механизма функционирования системы государственной поддержки занятости молодежи; также в проведении обзора возможностей государственных программ, направленных на борьбу с безработицей, в том числе молодежной безработицей, возникшей в результате пандемии COVID-19.

Методология исследования включает статистико-экономический, диалектический и сравнительный методы, которые были использованы при написании данной научной статьи. Так как статистико-экономические методы являются совокупностью методов и способов, используемых при комплексном анализе динамики развития определенных экономических процессов, в данной статье с помощью рассматриваемого метода были сгруппированы показатели молодежной занятости в Казахстане, разработана и проанализирована статистическая информация, также с помощью графиков и диаграмм выведены результаты анализа и оценено состояние молодежного рынка труда. А с помощью диалектического метода выявлены состояние развития экономических процессов на рынке труда, в частности взаимосвязь и взаимодействие между элементами механизма государственной поддержки. Используя сравнительный метод был проведен сравнительный анализ показателей молодежного рынка труда и опыт функционирования механизма государственного регулирования, а также динамики изменения показателей молодежной безработицы за пятилетний период.

Оригинальность / ценность исследования заключается в комплексном анализе показателей занятости молодежи Казахстана за 2015-2019 годы и оценке механизма функционирования государственных программ и других элементов системы государственного регулирования, направленной на поддержку молодежного рынка труда в условиях коронавирусной пандемии COVID-19.

Результаты исследования связаны с проведением анализа основных показателей молодежного рынка труда Казахстана и выявлением основных приоритетов социальной политики, направленной на совершенствование системы государственной поддержки занятости молодежи.

Ключевые слова: уровень безработицы, молодежная безработица, рынок труда, государственное регулирование безработицы, государственные программы.

АВТОР ТУРАЛЫ

Доскеева Гүлашар Жармағамбетовна – экономика ғылымдарының докторы, профессор, Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, e-mail: gulashar.doskeeva@narhoz.kz